



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

транспортом. Родители же, изначально проявляют инициативу в совместном изучении основных положений всемирной организации скаутов. На протяжении всего времени они уделяют своё внимание и заботятся о создании условий для нашего профессионального и личностного роста. Каждая поездка в палаточно-юрточные лагеря областных и республиканских джамбори (слёты скаутов), в тот или иной населённый пункт, знакомство с историей села и его жителями, постоянно поддерживается участием директора и представителями родительской общественности.

В 2019 году наш опыт был изучен в рамках реализации пилотного проекта по интеграции программы НДО «Самопознание» в организациях образования Костанайской области сотрудниками Института гармоничного развития человека ННПООЦ «Бәбек». Именно знания об общечеловеческой ценности «истина» явились основой всего движения.

Как представители добровольной, аполитичной, независимой молодёжной организации, мы не стоим на месте. В период пандемии осуществляется общение со скаутскими отрядами области в режиме онлайн и продолжается планирование действий на ближайшее будущее. В первую очередь, следование девизу «Ни дня без доброго дела». Далее обучение скаутов на семинарах с последующим сертифицированием, сотрудничество с главным штабом «Скауты Великой степи», также другими отрядами региона, республики и зарубежья. В апреле-мае 2021 года скауты прошли базовый обучающий курс подготовки Лидеров скаутских единиц WOOD-BADGE2, который был организован для скаутских отрядов Республики Казахстан в режиме онлайн.

В заключении, мы смело можем подтвердить справедливое значение высказывания английского философа Герберта Спенсера, что знания приобретаются через действия. И примером в этом может выступать скаутский метод, предполагающий воспитание ответственного человека, на которого можно положиться, который умеет развиваться самостоятельно и в сотрудничестве с другими членами общества и готов продолжать это вне скаутинга.

Список литературы:

1. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана. URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana (дата обращения: 16.01.2022)
2. Довбыщенко В.И., Решетников О.В. Скаутинг. Словарь - справочник. -Ялта-Гурзуф, 2001 - 102 с.
3. Роберт Стефенсон Смит Баден-Пауэлл // Скаутские законы или заветы Баден-Палыча. URL: <http://www.gomelscouts.com/skautskie-zakony-zavety-baden-palycha.html> (дата обращения: 16.01.2022)
4. Ефимов С.П. Методика организации работы туристического кружка на основе скаутской системы. URL: <https://infourok.ru/metodika-organizacii-raboti-turisticheskogo-kruzhka-na-osnove-skautskoy-sistemi-1344403.html> (дата обращения: 11.01.2022)
5. Рубакин, Н.А. Как заниматься самообразованием / Н. А. Рубакин. – М., 1962.

УДК 37.013.75

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУ

Шалдыбаева Бакытгуль Тулемисовна,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі
Білім басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің
№1 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Рудный қ., Қазақстан

Аннотация

Ұсынылып отырған мақалада мұғалім қазақ тілі сабақтарында белсенді әдістердің теориялық және практикалық негіздерін қолдану тәжірибесімен бөлісті. Осы негіздер 21 ғасырда қажетті оқушылардың дағдыларын шығармашылық, коммуникативтік, сараптамалық ойлау ынтымақтастыққа ықпал ететін тілдік құзыреттілікті дамытуда мүмкінді береді. Мұғалім бағыттайды, кеңес береді және бақылайды, оқушылар өз бетімен жоспарлайды, орындайды, өздері талдайды және өздері бағалайды.

Түйінді сөздер: белсенді әдістер, дамыту, тұлға, тілдік құзыреттілік, мұғалім, оқушы, әдіс.

Аннотация

В данной статье представлен опыт деятельности учителя с применением теоретических и практических основ применения активных методов обучения. Настоящие основы позволяют развивать у учащихся навыки, необходимые в 21 веке: коммуникабельность, креативность, аналитическое мышление, развитие языковых компетенций способствующие сотрудничеству - учитель направляет, консультирует и контролирует, учащиеся самостоятельно планируют, выполняют, самоанализируют и самооценивают. В рамках данной технологии выявлены целесообразные методы и приемы преподавания казахского языка.

Ключевые слова: активные методы, развитие, личность, языковые компетенции, учитель, ученик, приемы.

Abstract

This article presents the experience of the teacher with the use of theoretical and practical foundations of the use of active teaching methods. These basics allow students to develop the skills necessary in the 21st century: communication skills, creativity, analytical thinking, the development of language competencies conducive to cooperation - the teacher directs, advises and supervises, students plan, perform, self-analyze and self-evaluate. Within the framework of this technology, the appropriate methods and techniques of teaching the Kazakh language are revealed.

Keywords: active methods, development, personality, language competence, teacher, student, techniques.

*«Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес,
үнемі жетілдіруді қажет ететін,
үнемі жаңаны табатын өнер»
Жүсіпбек Аймауытов*

Қазіргі кезде қазақстандық білім беру саласында білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім алу кеңістігіне бағытталуда. Заман талабына сай жан-жақты тұлға қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Еліміздің халықаралық білімдік кеңістікке кіруі үшін «Өмір бойы білім алу» тұжырымдамасын іске асыруға мүмкіндік беретін, мемлекет және қоғамның талаптарына сәйкес өскелең ұрпақты құзырлықтарын дамытуға бағыттау керек.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы шетелдік білім беру үлгісі бойынша оқыту, белсенді оқыту стратегияларын қолдану арқылы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым, бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйретуді басшылыққа алады.

Қазақ тілін оқытып, үйрету – көптеген ізденістерді, оқытудың белсенді әдіс – тәсілдерін пайдалануды керек етеді. Бұл міндеттерді іске асыру үшін білім ошақтарындағы оқыту үрдісіндегі әдістердің болмысын жаңа әдіснамалық тұрғыда жүргізу қажеттілігі туындайды. Ал, мұндай жаңа әдіснамалық жүйе дәстүрлі оқыту процесін түгелдей өзгертіп, оқытудың шығармашылық қызметін дамытып, оқыту әдістерін жаңа өркениеттік бағыт тұрғысында жетілдіруді қажет етеді. Осыған орай қазақ тілді оқыту белсенді әдістерді қолданумен байланысты болып отыр. [1. 146] Өзімнің баяндамамды мен осы сұрақтар арқылы құрдым. Не?, Неге?, Қалай?, Не береді?

Сонымен бірінші сұрағы НЕ?, яғни белсенді әдістер дегеніміз не?

Оқытудың белсенді әдістері - оқу материалын игеру үдерісінде оқушыларды белсенді ойлау және практикалық әрекетке итермелейтін әдістер. Белсенді оқыту мұғалімнің дайын білімдерді баяндауына, оларды есте сақтауы мен қайта жаңғыртуына емес, оқушылардың белсенді ойлау және практикалық әрекет үдерісінде өз бетінше білімдер мен біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді. Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері олардың негізінде практикалық және ойлау әрекетіне ояту жатыр. Белсенді әдіс үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танытын және қандай жағдайда қатынас жасайтын әдістер.

Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе интерактивті деп айтамыз. Ең бастысы, мұндай мәселені шешу процесі өте маңызды екенін түсіну қажет. Бұл белсенді әдістің мақсаты тек ақпаратты беру ғана емес оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты. [1. 196]

Белсенді оқыту – әрекет пен әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасалған істер қалады. Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары тиімді тәсілдері ретінде танылады. [1. 206]

Екінші сұрағы белсенді әдістер НЕГЕ үйретеді:

Белсенді әдістер оқушыларды төмендегідей білім, білік дағды машықтарға үйретеді:

- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- пікірталастарға қатысып, өз ойымен тікелей дәлелдеу;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;

- пікірталастарға қатысып, өз ойымен тікелей дәлелдеу;
- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан – жақты талдап, таңдай алу;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу.

Үшінші сұрағы ҚАЛАЙ?, яғни мен өз сабақтарымда оқушылардың тілдік құзыреттілікті дамыту мақсатында белсенді әдістерді қалай қолданғаны туралы сөз қозғағым келеді.

Мен сабақта «Синквэйн» стратегиясын қолданамын, бірақ ол қатып қалған стратегия емес, мен оны өзгертемін, әр сөзі бірінші сөздің дыбысынан басталатын болсын деп, мысалы, 8 сыныпта «Білім. Ғылым. Инновация» тақырыбын өткенде оқушыларға «Білім» сөзіне синквейн жасауға тапсырма берілді, оқушылардың жауаптары осындай болды:

1. Білім
2. Бағалы, бастапқы
3. Бейімдейді, бағалайды, бақылайды
4. Біз болашақта білімді боламыз.
5. Білік

Осы тақырып бойынша жаңа сөздермен танысқанда «Араб грамотасы» ойынын өткіземін. [2. 226] Оқушылардың мақсаты-дауысты дыбыстарды қосып, сөз шығару.

- БЛМ-білім
- ҒЛМ-ғалым
- ҚЛ-ақыл
- МР-өмір
- СКРТКШ-ескертікш
- КН-көне
- МҚ-аймақ

Мәтін – қазақ тілін оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны. Біріншіден, тілден білім беретін материал оқыту мәтіндері түрінде болса, екіншіден, жаттығулардың тұтас мәтін түрінде берілуі де мәтінмен орындалатын жұмыстардың сараланып жүйеленуін қажет етеді.

Мәтіннің қызметін таныту – оқушыға тіл бірліктерін функционалдық тұрғыдан танып-білуіне, сол арқылы логикалық ойлауы бірізді қалыптасуына мүмкіндік береді. Осыған байланысты мұғалім мәтінмен жұмысты жүйелі жүргізгенде және оқушының сауатты оқу дағдысын қалыптастыра білгенде ғана нақты нәтижеге қол жеткізе алады. «Иә-жоқ», «Дұрыс-бұрыс», «Ыстық орындық», «Инсерт», «Жуан-жіңішке сұрақтар», «Деректер сөйлейді», «Сюжеттік кесте» стратегияларын қолданамын. Мысалы, осы кесте бойынша оқушылар сұрақтар құрастырып, жауап береді, диалог, полилог құрастырады. Мысалы: 10 сыныпта «Мамандықты таңдау-болашақты таңдау» тақырыбын өткенде, төмендегідей кестені оқушыларға ұсындым, оқушылар тақырып бойынша кестені толтырады.

Кесте №1 «Сұрақтар кестесі»

Кім?	Нені?	Қашан?	Қайда?	Не істеді?
Сатушы	нанды	бүгін	Дүкенде	сатты.
Қашан?	Кім?	Қандай?	Нені?	Не істедім?
Кеше	мен	дәмді	Тоқашты	пісірдім

Сонымен қатар, оқушыларға Х-О ойыны өте ұнайды, олар біріншіден бұл ойынды ойнайды, екіншіден, сұрақтар құрастырады, үшіншіден сұрақтарға жауап береді. Х бұл жоқ, О бұл Иә. 10 сыныпта өткен «Еңбек нарығы және сұраныс» тақырыбын өткенде, оқушылар сұрақтар құрастырды, бір-біріне сұрақтарды қояды, егер де жауабы О болса, оны дәлелдейді. Мысалы:

Кесте №2 «Х-О»- ойыны

1. Еңбек нарығы –бәсекелік нарық па?
2. «Теміржолшы» әңгімесінің авторы Сәкен Сейфуллин бе?
3. «Теміржолшы» әңгімесінің басты кейіпкері Әліш пе?
4. Әліштің арманы үйге кету ме?
5. Жол қобыздың пернесіне ұқсайды ма?
6. Бірінші рет пойыз өтетін көпірдің астында Әліш жалғыз қалды ма?
7. Әліш Айнабұлаққа шақырылды ма?
8. Әліш баяндамаға дайындалды ма?
9. Әліш Үмбеталов «Құрмет» грамотасымен марапатталды ма?

Қазақ тілі сабағында сөйлемді дұрыс құрастыру үшін, осы формуланы құрастырамын.

Мысалы, 7 сыныпта «Сауда жасай білесің бе?» тақырыбын өткенде, оқушылар осындай сөйлем құрастырды.


1. зат есім- Сауда
2. зат есім + етістік-Сауда жасадым
3. есімдік+зат есім+ етістік-Мен сауда жасадым.
4. есімдік+сын есім+зат есім+етістік- Мен сапалы сауда жасадым.
5. есімдік+үстеу+сын есім+зат есім+ етістік-Мен бүгін сапалы сауда жасадым.

Жаңартылған бағдарлама бойынша 10 сынып бағдарламасында «Отбасындағы қуаныш» тақырыбын өткенде, «Тоқтатып бейне - көрініс қарау әдісі» - (балалар «Торғай» видеоны қарап, мұғалім видеоны кез келген уақытта тоқтатып, сол видео бойынша мұғалім сұрақтар қояды)

1. Балалар, қалай ойлайсыздар кім отыр?
2. Әкесі не сұрайды?
3. Әкесі қайда кетті?
4. Неге кетті?
5. Не туралы оқиды?
6. Баласы түсінеді ме?

Бұл әдіс арқылы сабақтың тақырыбын ашады, оқушылардың ойларын «Блум таксономия» стратегиясы арқылы анықтайды.

Сурет №1 «Блум түймедағы»



Қарапайым сұрақ- Бұл бейнеде кім болды?

Дәлелдеуші сұрақ- Мен дұрыс түсінсем бұл әке мен бала ма?

Интерпретациялық сұрақ-Неге баласы ашуланды?

Практикалық сұрақ-Сен оның орнына болсаң не істер едің?

Бағалау сұрақ- Әкесі дұрыс істеді ме, жоқ па?

Шығармашылық сұрақ- Сіз әкесінің орнында болсаңыз не істер едіңіз?

Сонымен қатар, бұл сабақта «Қос жазба күнделігі» стратегиясын пайдаландым.

Оқушылардың мақсаты: мақал- мәтелдерді жинап алу және мағынасын ашу.

1. топ «ал , көріп, анасын, қызын»
2. топ «ұл , өсер, көріп, әкені, өсер, көріп , қыз шешені»
3. топ «тау әке-асқар, бұлақ ана-бауырындағы»

Кесте №3 «Қос жазба күнделігі»

Қос жазба күнделігі	
Мақал- мәтелдер	Мағынасы
1. Анасын көріп қызын ал. 2. Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер. 3. «Әке-асқар тау, ана-бауырындағы бұлақ»	

Әрине, оқушыларға қазақ тілінде мақал-мәтелдің мағынасын қазақша айту қиынға соғады, бірақ сөздіктер арқылы оқушылар айтуға тырысты.

Осы сабақта, балаларға «Фишбоун» стратегиясын ұсындым, балалар ата-анасын қарттар үйіне неге апарды? деген мәселені қозғадым. Әрине, оқушыларға қазақ тілінде мақал-мәтелдің мағынасын қазақша айту қиынға соғады, бірақ сөздіктер арқылы оқушылар айтуға тырысты.

Осы сабақта, балаларға «Фишбоун» стратегиясын ұсындым, балалар ата-анасын қарттар үйіне неге апарды? деген мәселені қозғадым. Сол сәтте оқушылар себептер мен деректерді келтіріп, қорытынды жасады.

Сурет №2 «Фишбоун» әдісі



Менің баяндамамның соңғы сұрағы НЕ БЕРЕДІ?

Кесте №4

Мен үшін	Оқушылар үшін
<ul style="list-style-type: none"> – оқушыларды белгілі бір ағымға бағытаймын; – әр түрлі пікірлермен таластырамын; – өздері шешім қабылдайтын жағдайлар жасаймын; – оқушыларға өздері қорытынды жасауға мүмкіндік беремін; – жаңа танымдық жағдаяттар дайындаймын. 	<ul style="list-style-type: none"> – өз ой-пікірлерін қалыптастырады; – мәселелерді шешеді; – пікірталастарын дәлелдей алады; – басқа біреудің көзқарастарын бағалай алады; – бірігіп жасалған жұмысты бағалайды; – әр түрлі пікірлердің арасынан керектігін талдай алады; – оқушы еркін сөйлеп, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді; – жағымды қарым-қатынасқа бейімделеді; - жұппен, топпен жұмыс істей отырып, бірін-бірі сыйлауға, шешімі табылмай жатқан мәселені ақылдасып шешуге ұмтылады;

Білім беру мазмұнын жаңарту барысындағы заманауи сабақтың осындай өзгешеліктері және ерекшеліктері бар екенін өздеріңіз байқаған боларсыздар. Күнделікті сабағымызды әр оқушының қажеттіліктеріне қалай жоспарлай алсақ, жоғарыда айтылып кеткен оқушының дағдыларын ескере отырып, маңызды болып отырған оқушыларды өмірге бейімдеу, яғни оқушылардың тілдің құзыреттілігін қалыптастыратынымыз сөзсіз. [3. 146]

Қорыта айтқанда, қазақ тілін үйрету жұмыстарын орындау дұрыс жолға қойылған жағдайда ғана, тіл үйрету сабақтарының мақсаты шешіледі. Әр жеке сабақ бұл сабақтар тізбегінің бір бөлшегі. Ол кезеңдердің компоненттерінен тұратын күрделі процессуалдық жүйе. Егер әр сабақты кірпіш қалаған жүйе қабырға деп қарасақ, сабақ соның бір кірпіші. Егер бұл кірпіштер өз ара жақсы болғанымен, бір-біріне дұрыс қаланбаса, қабырға құлап қалуы мүмкін. Сондықтан да, құрметті әріптестер, бәрі біздің қолымызда. Өз баяндамамды мен Жүсіпбек Аймауытовтың сөзімен аяқтағым келеді «Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жетілдіруді қажет ететін, үнемі жаңаны табатын өнер».

Әдебиеттер тізімі:

1. Оқыту мен оқудың белсенді әдістері. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015
2. Культура умственного труда или 101 техника учения. Костанай 2010
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015